

Сотталған әскери қызметшілердің қылмыстық жазаларын өтеу ережесін бекіту және күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрі 2000 жылғы 3 шілдедегі N 182 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қарашада N 1298 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 552 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 26.11.2014 № 552 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сотталған әскери қызметшілерінің бұдан әрі жазаларды орындауларын жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған сотталған әскери қызметшілерінің қылмыстық жазаларын өтеу ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күшіне енгізілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

2. Қорғаныс министрінің орынбасарлары, Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы департаменттерінің, бас басқармаларының, басқармалары мен қызметтерінің бастықтары, Қазақстан Республикасының қарулы Күштерінің түрлерінің қолбасшылары бірлестіктердің, құрамалардың және әскери бөлімдердің командирлері, әскери мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, әскери-оқу орындарының бастықтары мен әскери комиссарлар осы Ережені басшылыққа алсын.

3. Бұйрық жеке бөлімге жеткізілсін.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-лейтенант

"Бекітемін"

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Аппаратының Құжаттамалық қамтамасыз

ету Департаментінің бастығы
2000 жылғы " " _____
N 5 жіберілім - үлгі көрсеткіші
бойынша жіберу көрсеткіші
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің
Әскери полиция бас басқармасы

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2000 жылғы 3 шілдедегі
N 182 бұйрығымен
бекітілді

Сотталған әскери қызметшілерінің қылмыстық жазаларын өтеу ЕРЕЖЕСІ

**Ескерту: Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің
2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.**

1. Жалпы ережелер

1. Жаза дегеніміз соттың өкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Соттың заңды күшіне енген үкімі немесе қаулысы, сондай-ақ рақымшылық немесе кешірім жасау актісі жазаны атқару негіздемесі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу болып табылады.

Сотталғанды түзеу - оның бойында құқық ұстанушылық мінез-құлықты, жеке адамға, қоғамға, қызметке, еңбекке, адамзат қоғамының нормаларына, ережелері мен дәстүрлеріне оң көзқарастарды қалыптастыру.

Түзеу құралдары жазаның түрін, жасалған қылмыстың сипатын, қоғамдық қауіптілік дәрежесін, кінә нысаны мен себептерін, сотталушының жеке басы мен мінез-құлқын ескере отырып қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, олардың түзелуіне қажетті жағдайларды, әлеуметтік әділеттілік кепілдігін, олардың жазаларды атқару кезінде жеке басының әлеуметтік, құқықтық және өзге де қорғалуын қамтамасыз етеді.

4. Әскери қызмет өткеріп жүрген сотталған әскери қызметшілер, сондай-ақ басқа мемлекеттердің азаматтарымен және азаматтығы жоқ адамдармен қатар (

бұдан әрі - сотталған әскери қызметшілер) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жазасын өтейді және әскери қызмет өткереді. Сотталған әскери қызметшілерді жазалау Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексінің талаптарына, өзге де заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес орындалады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

5. Жазаның түрлері:

1) белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру:

сотталған әскери қызметшілерге жазаның негізгі түрі ретінде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге сотпен белгіленеді.

2) әскери қызмет бойынша шектеу:

келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге, сондай-ақ шақыру бойынша әскери қызметін өтеп жүрген офицерлерге әскери қызметке қарсы қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген, сотталған әскери қызметшілерге ҚР Қылмыстық Кодексі Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген түзеу жұмысының орнына үш айдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады;

әскери қызмет бойынша шектеуге сотталған адамның үлес қаражатынан соттың үкімімен белгіленген, бірақ жиырма проценттен аспайтын мөлшерде мемлекеттің кірісіне ақша ұсталу жүргізіледі.

3) қамауға алу:

қамауға алу әскери қызметшіні тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау болып табылады және абақтыда өткізеді;

қамауға алу бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді; қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе айыппұл салу қамаумен ауыстырылған жағдайда ол кемінде бір ай мерзімге тағайындалуы мүмкін.

4) тәртіптік әскери бөлімде ұстау:

шақыру бойынша мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге, сондай-ақ қатардағы сержанттық құрам қызметтерінде келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге, егер олар сот үкім шығарған кезде заңда белгіленген шақыру бойынша қызмет өткеру мерзімін бітірмесе, тағайындалады. Бұл жаза үш айдан екі жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

6. шартты түрде соттау - жазасын өтеу нысаны:

егер әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан айыру немесе тәртіптік әскери бөлімде ұстау жазасын тағайындағанда сот сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген қорытындыға келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады;

шартты түрде соттау тағайындалған кезде сот сотталған адам мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдеуге тиіс бір жылдан үш жылға дейінгі ұзақтықта сынақ мерзімін белгілейді, сондай-ақ сотталған адамға белгілі бір міндеттерді орындауды жүктейді.

7. Жазалауды жүзеге асыратын органдар:

1) белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқынан айыру және әскери қызмет бойынша шектеу - сотталған әскери қызметшілер қызметін өтеп жүрген әскери бөлімдердің, мекемелердің, органдар мен әскери құрамалардың қолбасшылығы (бұдан әрі - әскери бөлімдердің қолбасшылығы);

2) қамауға алу - гарнизондардың әскери полициясы әскери полицияның гауптвахтағы сотталған әскери қызметшілер үшін бөлімшелерде немесе гарнизондардың қолбасшылығы гарнизондық абақтылардың тиісті бөлімшелерінде;

3) тәртіптік әскери бөлімде ұстауды - осы үшін арнайы құрылған тәртіптік әскери бөлімдер;

4) шартты сотталғандар - әскери бөлімдердің қолбасшылығы.

Соттың заңды күшіне енген өкімі мен қаулысы мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың барлығына бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының барлық аумағында мүлтіксіз орындалуға жатады. Соттың үкімін, қаулысын орындамаушылық қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

8. Сот бақылауы:

жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату туралы, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түріне ауыстыру туралы, сотталушының науқастан байланысты жазадан босату туралы жазалардың атқарылуын сот бақылайды.

9. Жазаны орындаушы органдардың қызметін ведомстволық бақылауды мыналар жүзеге асырады:

1) әскери қызмет бойынша шектеу немесе шартты түрде сотталған офицерлер мен прапорщиктерге қатысты - кадр органдары;

2) әскери қызмет бойынша шектеу немесе шартты түрде сотталған келесім-шартты солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар қызметінде әскери қызметті атқарып жүрген әскери қызметшілерге қатысты - ұйымдастыру-жұмылдыру органдары;

3) әскери полиция абақтыларында қамауға алу түрінде жазасын өтеп жүрген әскери қызметшілерге қатысты - әскери полиция органдары, ал гарнизондық гауптвахталардың бөлімшелерінде - гарнизон қолбасшысы; 4) тәртіптік әскери бөлімде ұстауға әскери қызметшілерге қатысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскерлер қызметі бас басқармасы.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

10. Әскери қызметшілерге қатысты жазаны орындаушы органдармен заңдылықтың сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты әскери прокурорлар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырады.

11. Сотталғандар жазаны орындаушы органның оларға арналып белгіленген ережелерін, заңды талаптарын орындауға міндетті.

12. Сотталғандардың негізгі құқықтары.

Сотталғандар мыналарға:

1) сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға. Ақпаратты жазаны орындаушы орган береді;

2) ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға, қажет болған жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға. Қамауға сотталғандардың өтініштері цензураға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей тиісті жеріне жіберіледі;

3) адвокаттардың, сондай-ақ осындай көмек көрсетуге уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың заң көмегін пайдалануға;

4) абақтыда болғанда өздерінің денсаулығын сақтау үшін қажетті материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қамсыздандырылу құқығын пайдалануға;

5) жазаны орындаушы орган тарапынан болатын сыпайы қарым-қатынасқа. Олар қатаң немесе адамгершілік қасиетін қорлауға қарауға ұшырамауы тиіс;

6) Қазақстан Республикасында әскери қызмет өткеріп жүрген қамауға сотталған басқа мемлекеттердің азаматтары өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелерімен байланыс жасауға құқылы.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

13. Сотталғандардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету:

1) сотталған әскери қызметшілерге ар-ождан мен дін ұстану бостандығына кепілдік беріледі;

2) абақтыларда қамауға сотталғандарға ерікті негізде заңда тыйым салынбаған діни ғұрыптарды орындауына, діни әдебиетті пайдалануына рұқсат

етіледі. Ол ішкі тәртіпті бұзбауы, сондай-ақ жазасын өтеуші басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуі тиіс.

14. Қамау түрінде сотталғандар жазасын өтеп жүрген гауптвахталарға бару:

1) Қамауға сотталғандар отырған гауптвахтаға арнаулы рұқсатсыз баруға мыналар құқылы:

Қазақстан Республикасының Президенті, ҚР Премьер-Министрі, ҚР Парламентінің депутаттары, сондай-ақ тиісті аумақтардың шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының әкімдері;

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар.

2) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері абақтыға келуге және кино, фото және бейнекөрініске түсіруге жазаны атқарушы органның арнаулы рұқсаты бойынша баруға құқылы. Сотталғандарды бейнекөрініске түсірудің барлық түрлері, олармен сұхбат жүргізу сотталғандардың өз келісімімен жүзеге асырылады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

15. Сотталған әскери қызметшілерді жазасын өтеуден босату:

1) әскери қызмет бойынша шектеуді, қамауды не тәртіптік әскери бөлімде ұстауды өтеуші және әскери қызметке әскери-дәрігерлік комиссия денсаулығы бойынша жарамсыз деп таныған сотталған әскери қызметшілер жазаны одан әрі өтеуден босатылады. Жазаның өтелмеген бөлігі оларға жазаның неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстырылуы мүмкін;

2) әскери қызметін өткеру өту кезінде жазасын өтеуші сотталған әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әскери қызметтен босату үшін өзге де негіздер туындаған жағдайда жазадан сот жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстырып немесе онсыз белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын босатуы мүмкін;

3) сотталған әскери қызметші әйелдің аяғы ауыр екендігі анықталған жағдайда бөлім командирі аяғы ауыр болуы және босануы бойынша немесе оның жазаны өткеруден алдын ала шартты босатылуы бойынша демалыс берілген күннен бастап оның жазаны өткеруін кейінге қалдыру туралы сотқа ұсыныс енгізеді;

4) қылмыс жасағаны үшін сотталған әскери қызметшілер кеңшілік жасау немесе кешірім жасау актісінің негізінде жазадан босатылуы мүмкін, не оларға белгіленген жаза жазаның жеңіл түрлеріне ауыстырылуы мүмкін, не мұндай адамдар қосымша жазаның түрінен босатылуы мүмкін;

5) қылмыс жасағаны үшін сотталған адам соттың жазалау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап күшін жойған немесе жаза алынған сәтке дейін сотталушы болып есептеледі. Жазадан босатылған адам сотталмаған деп есептеледі.

Тәртіптік әскери бөлімде ұсталу түріндегі жазаны өткерген әскери қызметшілерге қатысты әскери қызмет немесе қамау бойынша шектеулер, сотталу жазаны өткеру бойынша алынады.

Жазаның күшін жою немесе жазаны алу сотталумен байланысты барлық құқықтық нәтижелерді жоққа шығарады.

16. Жазаны өтеудің тоқтатылуы және босату тәртібі:

1) сотталғандар әскери қызметшілер жаза мерзімінің соңғы күнінің бірінші жартысында босатылады. Егер жаза мерзімі демалыс немесе мереке күні бітетін болса, сотталушы жазаны өтеуден демалыс алдындағы немесе мереке алдындағы күні босатылады;

2) ақтау негіздері бойынша қылмыстық істің қысқартылуына, ақтаушы сот шешімі шығарылуына байланысты өкімнің күші жойылуы себепті жазаны өтеуден босатылған әскери қызметшілерге жазаны атқарушы тиісті қолбасшылық айырған өзге де құқықтарын қалпына келтіру құқығын түсіндіреді. Босату туралы құжатта жазаны атқарушы орган мемлекет атынан сотталушыдан ресми кешірім сұрайды;

3) 16-тармақтың 2-тармақшасында аталған әскери қызметшілерді жазасын өтеуден босату тиісті құжаттар түскен күні, ал егер құжаттар жұмыс күні аяқталған соң алынса - келесі күні таңертең жүргізіледі.

17. Үкімді орындау кезінде туындаған қандай да болсын күмән мен түсініксіздікті ұғындыру туралы сұрақтарды тиісті қолбасшылықтың ұсынысымен үкімді шығарған сот шешеді.

2. Әскери қызмет бойынша шектеу түріндегі жазаны өтеу

18. Әскери қызмет бойынша шектеу түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелері:

1) әскери бөлімнің командирі соттан үкімнің көшірмесі мен оны атқару туралы үкім келіп түскен сот үш күннен кешіктірмей бұйрық шығарады, онда сотталған әскери қызметші қандай негізде және үкімде көрсетілген қандай мерзім ішінде лауазымды өсіруге және әскери атақ беруге ұсынылмайтыны, кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдарына қандай мерзім есептелмейтіні көрсетіледі. Сонымен бірге әскери сот үкіміне сәйкес сотталған әскери қызметшінің лауазымдық үлесінен әскери қызмет бойынша шектеуді өтеу кезеңінде мемлекеттік кіріске қай күннен бастап және қандай мөлшерде ұсталып

қалатыны бұйрықта көрсетіледі. Егер сотпен сотталғанға жазалардың қосымша түрлері тағайындалса соттың осы шешімі бұйрықта көрсетіледі;

2) бұйрық әскери бөлім бойынша жарияланады, сотталған әскери қызметшіге қол қойғызу арқылы жеткізіледі, мамандық және қаржылық органдарының бастықтарына жолданады және атқаруға қабылданады;

3) Үкімнің келіп түскені туралы, тиісті бұйрықтың шығарылғаны және оның атқарылуға қабылданғаны туралы әскери бөлімнің командирі үкімді шығарған сотқа үш күннің ішінде хабарлайды. Бұйрықтың көшірмесі сотқа жіберіледі.

19. Сотталған әскери қызметшінің ақшалай үлесінен соттың үкімімен белгіленген ұстап қалу лауазымдық айлық ақысынан, әскери атағы бойынша үстеме ақыларынан, ай сайынғы және өзге үстеме ақылары мен басқа да қосымша ақша төлемдерінен есептеледі.

20. Сотталушының әскери қызметін өзгерту:

1) әскери қызмет бойынша шектеуге сотталған әскери қызметшінің жазасын өтеу тәртібінде соттың үкімімен белгіленген мерзім ішінде лауазымы мен әскери атағын жоғарылатуға болмайды;

2) егер жасаған қылмысының сипаты мен өзге де мән-жайлар ескеріле отырып, сотталған әскери қызметшіні бағынысындағылардың басшыларына байланысты қызметте қалдыруға мүмкіндік болмаса, ол әскери бөлімнің тиісті командирінің шешімі бойынша әскери бөлімнің ішінде де, басқа бөлімге немесе ауыстырылуына байланысты да басқа лауазымға ауыстырылады;

3) осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген қабылданған шешім туралы әскери бөлім командирі үкімді шығарған сотқа тез арада хабарлайды;

4) сотталушыны ауыстыру кезінде оның жеке ісі тиісті тәртіппен жаңа қызмет орнына жолданады, әскери бөлім командирі осы Ережелердің 18-24 тармақтарының барлық талаптарының орындалуын жалғастыруға міндетті.

21. Сотталған әскери қызметшілермен жүргізілетін тәрбие жұмысы:

1) сотталған әскери қызметшілермен әскери бөлімнің командирі жасалған қылмыстық қоғамдық қауіпінің, сотталушының жеке басының, сондай-ақ оның тәртібі мен әскери қызметке көзқарасының сипаты мен дәрежесін ескере отырып тәрбие жұмысын жүргізеді, көбіне оның міндеттерін, олардың орындамаушылығының нәтижелерін және қоғамдық тәртіпті, әскери тәртіпті бұзудағы немесе жаңа қылмыс жасауындағы жауапкершілігін түсіндіреді, ол туралы қолхат алынады;

2) әскери бөлімнің командирі әрбір сотталушыға жеке іс арнайды, оған: әскери сот үкімінің көшірмесі, үкімнің заңды түрде күшіне енуі мен оның атқарылуы туралы үкімі, бөлім командирінің жазаны өтеу туралы бұйрығының

көшірмесі, сотталушының тәртібі мен оның қызметке дейін көзқарасын сипаттайтын материалдар, сотталушымен жүргізілген тәрбие жұмысын анықтайтын құжаттар қосылады;

3) әскери бөлімнің командирі әскери қызметшінің санатына сай жиналыстарды мезгіл-мезгіл ұйымдастыруға және жүргізуге міндетті, онда егер олар сотталушыға сотпен жүктелген болса, өзінің тәртібі, қызметті өткеру, міндеттері және басқалары туралы сотталушылардың есептері тыңдалады және талқыланады.

22. Соттың үкімімен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін сотталған әскери қызметші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда әскери бөлім командирі сотқа жазаның өтелмей қалған бөлігін жазаның неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстыру туралы не жазадан босату туралы ұсыныс жасайды.

23. Сотталушының үлгілі тәртібі және қызметтік міндеттерін адал орындауы шартында әскери бөлімнің командирі сотталушының жазадан мерзімнен бұрын шартты босатылуы туралы әскери сотқа ұсыныс енгізе алады. Ұсыныста сотталушының жеке басын, оның тәртібін, қызметке дейін көзқарасын сипаттайтын мәліметтер болуы тиіс. Ұсыныс сотталушы жазалану мерзімінің жартысын өткергеннен кейін ғана енгізіледі.

24. Соттың үкімімен және әскери бөлім бойынша жарияланған бұйрықпен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей әскери бөлімнің командирі жазаның атқарылуын тоқтату туралы оның тоқтатылған күні көрсетілген бұйрық шығарады. Бұйрық тиісті әскери қызметшінің санатына сай жарияланады, ал сотталған әскери қызметшінің назарына қолхат алып жеткізіледі. Бұйрықтың көшірмесі кадр, қаржы органдарына және үкімді шығарған сотқа жіберіледі.

Егер сотпен тағайындалған қосымша жазаның мерзімі әскери қызмет бойынша шектелген мерзімнен көп болса, әскери бөлімнің командирі қосымша жазаның мерзімі тағайындалған бөлімде үкімді орындауды жалғастыра береді.

3. Сотталған әскери қызметшілерге қатысты қамауға алуды орындау

25. Қамауға алынған сотталушы қызмет атқарып жүрген командирі оның орындалуы туралы үкімнің көшірмесі мен үкімді алғаннан кейін үш күннен кешіктірмей мыналарды орындауға міндетті:

1) бөлім бойынша бұйрық шығаруға, онда әскери қызметшінің жазаны өтеуінің басталуы мен аяқталуы мерзімін көрсетсін, осы уақыт әскери қызметтің

жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ беруге арналған еңбек сіңірген жылдарына есептелмейді, ақшалай үлес төленбейді;

2) сотталушыны үкімнің көшірмесімен, оның атқарылуы туралы үкімімен және алдын ала тергеудің немесе сот талқылауының барысында алынған денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамдылығы туралы әскери дәрігерлік комиссияның куәландырған қорытындысымен әскери жарғыларда белгіленген тәртіпте жазасын өтеу үшін сот үкімінде көрсетілген абақтыға айдауылмен жолдануға. Осы қорытынды болмаған жағдайда немесе сотталушының өзінің денсаулығының жағдайына наразылығы болатын болса, сотталушыға әскери дәрігерлік комиссиядан өтуді белгіленген тәртіппен ұйымдастыруға;

3) үкімнің келгені, тиісті бұйрықтың шығарылғаны, үкімнің орындалуы туралы - сотталушының абақтыға орналасуы туралы үкімді шығарған сотқа хабарлауға. Бұйрықтың көшірмесін сотқа, сондай-ақ жоғарғы кадр және қаржы органдарының бастықтарына жолдауға.

26. Сотталушыны гауптвахтаға орналастырғаны туралы әскери бөлімнің командирі сотталушының қалауы бойынша жақын туыстарының не заңды өкілдеріне, оның жаза өтейтін орны мен мекен-жайы туралы 10 тәулік ішінде хабарлауға міндетті.

27. Офицерлер, прапорщиктер, мичмандар, сержанттық, старшиналық және қатардағы құрамдардың әскери қызметшілері өзге негіздер бойынша гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілерден бөлек және жеке ұсталады.

28. Қамауға сотталушыны бір гауптвахтадан екіншісіне көшіруге ол ауырған жағдайда не оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ сотталушының сол гауптвахтада одан әрі болуына кедергі жасайтын өзге де ерекше-жайлар туындаған кезінде жол беріледі.

Сотталушыны көшіру туралы шешімді жазаны атқарушы органның ұсынысы бойынша бақылаушы әскери прокурор қабылдайды, ол үкім шығарған сотқа осы туралы хабарлайды.

29. Қамауға сотталған әскери қызметшілердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері:

1) қамау түріндегі жазаны өтеу уақыты әскери қызметтің жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ беруге арналған еңбек сіңірген жылдарына есептелмейді ;

2) жазаны өтеу уақытында сотталушыны кезекті әскери атақ беруге, жоғары қызметке тағайындауға, жаңа қызмет орнына ауыстыруға және әскери қызметтен босатуға ұсынуға болмайды, бұған денсаулығы бойынша қызметке жарамсыз деп танылған жағдайлар қосылмайды;

3) қамауға сотталған әскери қызметшілерге жазасын өтеу уақытында ақшалай үлес төленбейді;

4) қамауға сотталғандар алдын ала шартты босатуға ұсынылмайды.

30. Сотталғандарды абақтыда ұстаудың тәртібі мен жағдайлары:

1) қамауға сотталғандар әскери қызметшілерді қатаң оқшаулау жағдайында гауптвахталарда жабылатын жалпы камераларда ұсталады;

2) сотталғандарға түрмеде жалпы режим жағдайында жазаны өтеуші адамдар үшін ұстау жағдайлары, сонымен қатар әскери жарғылары қолданылады. Абақтыда орналастыру кезінде сотталушыдан камерада ұстауға болмайтын заттар мен бағалы заттарды, құжаттарды сақтауға алады және босатылған кезде қайтарылады;

3) адвокаттармен кездесулерді қоспағанда, сотталғандардың кездесуіне болмайды, посылка, сәлемдеме, бандерольдер алуға рұқсат етілмейді, бұған олардың бірінші кезекте қажетті заттары, маусымдық киім-кешек салынғаны және дәрігердің қорытындысы бойынша дәрі-дәрмектер мен медициналық белгілеудің заттары қосылмайды. Посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдер тексеріледі;

4) сотталғандарды жалпы және кәсіптік оқыту жүзеге асырылмайды, күзетсіз жүруіне рұқсат етілмейді;

5) сотталғандардың қолындағы қаражатқа олар ай сайын бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға құқылы;

6) сотталғандар күн сайын ұзақтығы бір сағаттан кем емес сейілдеуді пайдаланады. Сейілдеу камера бойынша күндізгі уақытта абақтының арнайы жабдықталған аумағында жүргізіледі. Сотталғанның сейілдеуі ол ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін;

7) ерекше жеке мән-жайлар кезінде қамауда ұстауға сотталғандарға абақты бастығымен жақын туыстарымен (жұбайымен, зайыбымен) телефон арқылы сөйлесу рұқсат етілуі мүмкін;

8) қамауға сотталушыға туысқандарымен және басқа адамдармен хат алысуға шектеусіз рұқсат етіледі. Хат-хабарларды жіберу сотталғанның есебінен жүргізіледі.

9) түнгі ұйқы кезінде сотталушыға төсек жабдықтары - матрац, жастық тысымен, көрпе және екі ақ жайма беріледі, оларға белгіленген орындарда темекі тартуға рұқсат етіледі;

10) сотталушыға, ерекше жеке мән-жайларына байланысты: жақын туысының қайтыс болуы мен науқастың өміріне қауіп төндіретін ауыр науқасы, сотталушыға немесе оның от басына елеулі материалдық зақым келтірген табиғи апаттар кезінде жолға кеткен уақытты есептемегенде 10 тәулік мерзімде барып қайтуға рұқсат етілуі мүмкін.

Құжаттың ерекше мән-жайларды растайтын қосымшасымен бірге сотталушының арызы бойынша барып қайтуға рұқсатты әскери полицияның бастығы немесе гарнизонның бастығы бір тәуліктен кешіктірілмей қарайды.

Сотталушының абақтыдан тыс жерде болу мерзімі жазаны өтеу мерзімінде есептеледі. Сотталушының жолақысы оның өз есебінен төленеді. Қамауға сотталғанның басқа мемлекеттердің аумағына барып қайтуы тиісті мемлекеттердің келісімдерінде қаралған тәртіппен және жағдайда рұқсат етіледі.

31. Сотталушылардың міндеттері.

Сотталушылар мыналарға міндетті:

- 1) гауптвахтада ұсталудың белгіленген тәртібін сақтауға;
- 2) гауптвахтада әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;
- 3) тазалық және санитарлық талаптарды сақтауға;
- 4) өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға;
- 5) гауптвахтаның мүлкіне уқыпты қарауға;

б) гауптвахтада ұсталатын басқа да адамдардың ар-ожданына нұқсан келтіретін әрекеттерді жасамауға;

7) өзінің өміріне және денсаулығына, сондай-ақ басқа адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін қасақана әрекеттерді жасамауға.

Сотталушылардың оларға жүктелген міндеттерді, сондай-ақ абақты әкімшілігінің заңды талаптарын орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіптік және басқа да жауапкершіліктерге әкеледі.

32. Сотталғандарға қолданылатын көтермелеу және жазалау шаралары:

1) сотталғандарға үлгілі мінез-құлқы үшін алғыс немесе бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алу түрінде көтермелеу шаралары қолданылады;

2) жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін сотталушыға сөгіс немесе он тәулікке дейінгі мерзімге жалғыз адамдық камераға көшіру түріндегі жаза қолданылуы мүмкін;

3) көтермелеу және жазалау шараларын қолдану құқын мыналар пайдаланады :

- әскери полицияның гауптвахтасында - әскери полицияның бастығы және әскери полиция гауптвахтасының бастығы;

- гарнизондық гауптвахтада - гарнизонның бастығы және гарнизондық гауптвахта бастығы;

4) жазалық әрекет анықталған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей сөгіс түріндегі ауызша немесе жазбаша, ал жалғыз адамдық камераға көшіру тек жазбаша қолданылады;

5) көтермелеу және жазалау, сотталушымен тәрбие жұмысын жүргізу туралы мәліметтер оның жеке ісінде көрсетіледі.

33. Босату тәртібі:

1) қамау мерзімінің аяқталуынан 10 тәулік бұрын гауптвахтаның бастығы осы туралы әскери бөлімнің командиріне хабарлайды;

2) қамау мерзімінің аяқталуынан үш күн бұрын әскери бөлімнің командирі сотталушының гауптвахтадан босатылуының және өз құқының қалпына келтірілуінің күнін белгілеп бұйрық шығарады. Бұйрықтың көшірмесі орындалу үшін гауптвахтаның бастығына, сондай-ақ мамандық және қаржылық органдарына дер кезінде жолданады;

3) мерзімді қызмет әскери қызметшісі босатылған жағдайда бөлім командирімен оны бөлімге дейін алып келу үшін өкіл жолдайды;

4) сотталушыны абақтыдан босату кезінде оған гарнизонның әскери полиция бастығы (гарнизон бастығы) қол қойған босатудың уақыты және негізі туралы анықтама береді;

5) сотталушының гауптвахтадан босатылған күнін әскери бөлімнің командирі үкім шығарған әскери сотқа хабарлайды.

34. Қамауға қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза қолдану кезінде қамауды өтеудің бүкіл уақытына қолданылады, бірақ бұл орайда үкімде көрсетілген оның мерзімі қамауды өтеу кезінен бастап есептеледі.

Қосымша жазаның орындалуын әскери бөлімнің командирі жүзеге асырады, сол үшін осы жазаның басталу және аяқталу мерзімін көрсететін бұйрық шығарады.

4. Шартты сотталған әскери қызметшілерге бақылау жасау

35. Шартты сотталғандар жазасының орындалу тәртібі мен шарттары:

1) әскери бөлімнің командирі соттан үкімнің көшірмесі мен оны орындау туралы үкім келіп түскен соң 3 күннен кешіктірмей бұйрық шығарады, онда: сотталған әскери қызметші сот кінәлі деп тапқандығы, оның қанша мерзімге және қандай жазаға сотталғандығы туралы, сотталушы өзінің тәртібімен өзінің түзелгенін дәлелдей алатын белгіленген сынақ мерзімінің басталуы көрсетіледі. Егер сот сотталушыға жазалардың қосымша түрлерін тағайындаса, соттың осы шешімі бұйрықта көрсетіледі;

2) бұйрық тиісті әскери қызметшінің санатына сай жарияланады, сотталған әскери қызметшіге қол қойғызу арқылы жеткізіледі, кадр органына жолданады және орындауға қабылданады;

3) үкімнің келіп түскені туралы, тиісті бұйрықтың шығарылғаны және оның атқарылуға қабылданғаны туралы әскери бөлімнің командирі үкімді шығарған сотқа және ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын жоғары тұрған кадрлар

органының бастығына үш күн мерзімде хабарлайды. Бұйрықтың көшірмесі сотқа жіберіледі.

Ескерту: 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

36. Шартты сотталғандардың жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

Әскери бөлімнің командирі мыналарға міндетті:

1) сынақ мерзімі ішінде сотталғандардың жеке есебін жүргізуге, тәрбие және әлеуметтік-құқықтың жұмыс офицерлерінің қатысуымен сотталушының қызметтік міндеттерін орындауына қатысқанын, қоғамдық тәртіпті сақтауын бақылауға;

2) жасалған қылмыстың қоғамдық қаупінің, сотталушының жеке басының, сондай-ақ оның тәртібі мен әскери қызметке көзқарасының сипаты мен дәрежесін ескере отырып, тәрбие жұмыстарын жүргізуге;

3) әрбір сотталушыға жеке іс арнауға, оған: әскери сот үкімінің көшірмесі, оның орындалуы туралы үкімі, жазаны атқару туралы бұйрығының көшірмесі, сотталушының тәртібі мен оның қызметке дейін көзқарасын сипаттайтын материалдар, сотталушымен жүргізілген тәрбие жұмысын анықтайтын құжаттарды қосуға;

4) әскери қызметшінің санатына сай жиналыстарды мезгіл-мезгіл ұйымдастыруға және жүргізуге, онда сотталушылардың өзінің тәртібі, қызметті өткеру міндеттері туралы есептері тыңдалады және талқыланады;

5) сотталушыға белгілі лауазымды орында болу немесе белгілі қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза тағайындаған жағдайда үкімнің көшірмесін және оның атқарылуы туралы үкімді алғаннан кейін үш күннен кешіктірмей сотталушы ол айналысуға сотпен айрылған лауазымнан немесе қызметтің түрінен босатуға;

6) сотталушының жеке ісіне ол қандай негізде, қанша мерзімге және қандай лауазымнан айрылғандығы немесе қызметтің қандай түрімен айналысу құқығынан айрылғандығы туралы жазбалар енеді. Қосымша жазаның мерзімі сот үкімінің заңды күшіне енген сәтінен бастап есептеледі.

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

37. Сынақ мерзімінің есептелуі:

1) сынақ мерзімі сот үкімі заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі;

2) сынақ мерзімі біткен соң шартты сотталушының жүріс-тұрысын бақылау тоқтатылады, сөйтіп ол есептен шығарылады, сол үшін бұйрық шығарылады, сотталушының назарына қолхат алып жеткізіледі, оның жеке ісіне қосылады және бұйрықтың көшірмесі сотқа жіберіледі.

38. Егер сотпен тағайындалған қосымша жазаның мерзімі сынақ мерзімінен кем болса, соңғысы біткеннен кейін әскери бөлімнің командирі қосымша жазаның мерзімі тағайындалған бөлімде үкімді орындауды жалғастыра береді.

39. Сотталған әскери қызметшінің қызметін өзгерту:

1) егер сотталушы, жасаған қылмысының сипаты мен өзге де мән-жайлар ескеріле отырып, сотталған әскери қызметшіні бағыныштыларға басшылық етуге байланысты қызметте қалдыру мүмкін болмаса, ол әскери бөлімнің тиісті командирінің (бастығының) шешімі бойынша әскери бөлімнің ішінде де, басқа бөлімге немесе әскери мекемеге ауыстырылуына байланысты да басқа лауазымға ауыстырылады;

2) сотталушыны ауыстыру кезінде оның жеке ісі сотталғаны туралы құжаттармен және сипаттайтын материалдармен тиісті тәртіппен жаңа қызмет орнына жолданады, әскери бөлім командирі осы Ереженің 35-42 тармағына дейінгі талаптардың орындалуын жалғастырады;

3) осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген қабылданған шешім туралы әскери бөлім командирі үкімді шығарған сотқа тез арада хабарлайды.

40. Шартты түрде соттаудың күшін жою немесе сынақ мерзімін ұзарту:

1) егер әскери қызметші сынақ мерзімі өткенге дейін өзінің түзелгенін дәлелдесе, әскери бөлім командирінің ұсынысы бойынша сот шартты түрде сотталудың күшін жою және сотталған адамнан соттылықты алып тастау туралы қаулы шығарады. Ұсыныс белгіленген сынақ мерзімінің жартысы өткеннен кейін ғана жолданады. Егер ұсыныс қанағаттандырылса, бөлім командирі соттың шешімі туралы бұйрық шығарады. Ұсыныс қанағаттандырылмаған жағдайда әскери бөлім командирі сотпен белгіленген қарсылық енген күннен бастап алты ай өткеннен кейін осы негіз бойынша ұсыныс енгізуге құқылы.

2) егер сотталушы дөрекі тәртіп бұзушылық пен теріс қылық жасаса немесе сол үшін өзіне тәртіп және әкімшілік жаза салынған қоғамдық тәртіпті бұзса, сот бөлім командирінің ұсынысы бойынша сынақ мерзімін ұзартылады, бірақ ол бір жылдан аспауы керек. Сынақ мерзімін ұзартқанда бөлім командирі сол үшін бұйрық шығарады және сотталушыны оның қолын қойдырып таныстырады;

3) сот жүктеген міндеттерді орындамаған, әскери тәртіпті, қоғамдық тәртіпті ұдайы немесе қасақана бұзған жағдайда, егер сотталушы бақылаудан бұлтартса, сот бөлім командирінің ұсынысы бойынша шартты түрде сотталудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы қабылдайды.

Тұратын жері отыз күннен астам уақыт ішінде анықталмаған шартты сотталушы бақылаудан бұлтартқан деп танылады. Сотталған әскери қызметшінің қызметте болмағанына заңнамада белгіленген мерзімнен асса бөлім командирі қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдау үшін әскери полицияға оған материалдар жолдайды.

Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

41. Әскери қызметке бас бостандығынан шартты түрде айыруға сотталушылардың шақырылуы немесе келіп түсуі жағдайында оның жеке ісінде үкімнің көшірмесі, оның атқарылуы туралы үкім және қызмет атқару орны бойынша сотталушының тәртібіне бақылауды жүзеге асыру үшін талап етілетін басқа да құжаттар болуға тиісті. Әскери бөлім командирі он күн ішінде сотталушы әскер қатарына шақырылмай тұрып есепте тұрған қылмыстық атқару инспекциясына оны бөлімге есепке тұрғызу туралы хабарлау керек.

Шартты сотталушы әскери қызметті атқару мерзімінде әскери бөлім командирі оған қатысты осы Ереженің 35-42 тармағына дейінгі айтылған талаптарды орындайды.

42. Сотталушыны сынақ мерзімі біткенге дейін қызметтен босату кезінде әскери бөлім командирі мыналарды орындауға міндетті:

1) шартты түрде бас бостандығынан айырылған сотталушыларға қатысты үкімнің көшірмесін және оның атқарылуы туралы үкімді, сондай-ақ сипаттайтын материалдарды әскери қызметшінің есепке тіркелген орны бойынша қылмыстық атқару инспекциясына жолдауы тиіс, ол туралы сотқа хабарлауға міндетті;

2) шартты түрде әскери қызмет бойынша шектеуге негізделген сотталушыларға қатысты жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстыру немесе жазадан босату туралы ұсынысты сотқа жолдауға тиісті.

5. Негізгі жаза ретінде сот тағайындаған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқынан айыру түріндегі жазаның орындалуы

43. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқынан айыру мемлекеттік органдарда, тұрақты өзін-өзі басқару органдарында немесе белгілі кәсіппен не басқа қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

44. Жазаны орындау тәртібі.

Құқығынан айыруға немесе қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға рұқсат алуға құқылы әскери бөлім командирі сот үкімінің көшірмесін және оның орындалуы туралы үкімді алғаннан кейін үш күннен кешіктірмей мыналарды орындауға міндетті:

1) үкімнің заңды күшіне ену сәтінен бастап, онда сотталушыға сот тыйым салынған белгілі бір қызметтің түрімен айналысу құқынан айыру туралы мерзімі көрсетілген бұйрық шығаруға;

2) бұйрықта көрсетуге және үкімде көрсетілген белгілі бір қызметтің түрімен айналысуға құқық беретін тиісті құжатты сотталушының жеке ісінен алуға;

3) егер сотталушы әскери қызметті құқығынан айыруға немесе сотпен тыйым салынған қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға рұқсат алуға командирі құқылы әскери бөлімде өткермейтін болса, тиісті әскери бөлімнің командиріне орындау үшін жолданады;

4) сотталушы қызмет өткеріп жүрген әскери бөлімнің командирі бұйрықты тиісті әскери қызметшінің санатына сай жариялайды, сотталғанға қол қойғызу арқылы жеткізеді, кадрлар органының бастығына жолдайды, сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және олардың үкіммен қаралған белгілі лауазымда болуға және белгілі бір қызметпен айналысуға арналған тыйымның сақталуын бақылайды.

5) үкімді орындауға қабылдаған әскери бөлімнің командирі үш күн мерзімнің ішінде үкімді шығарған сотқа хабарлайды.

Ескерту: 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 378 бұйрығымен.

45. Әскери бөлім командирі сотталушыны қызметпен айналысуға тартуға немесе сотталушыны соттың үкімімен айырған қызметке тағайындауға құқықсыз

46. Сотталушыны ауыстырған жағдайда жаңа қызмет орны бойынша әскери бөлім командирі осы Ереженің 43-48 тармағына дейінгі талаптарды орындауға міндетті.

47. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылған сотталғандар қылмыстық алдын ала шартты босатылуға ұсынылмайды.

48. Соттың үкімімен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін сотталған әскери қызметші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда әскери бөлім командирі сотқа жазаның өтелмей қалған бөлігін жазаның неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстыру туралы не жазадан босату туралы ұсыныс жасайды.